«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНЫ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

№ 10.02.2025ж. №251

**Білім беру ұйымдарының ғимараттары мен аумағының жай-күйі, қауіпсіздігі және санитарлық талаптарының сақталуы туралы**

Білім беру ұйымдарының өмір тіршілігін қамтамасыз ету, қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарын сақтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшылары:

- білім беру ұйымындағы *(ғимаратта, аумағында)* қауіпсіздікті қамтамасыз ету *(төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспары, террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жоспары, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары т.б.),* санитарлық талаптарды сақтау және орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін;
- білім беру ұйымы *(ғимаратта, аумағында)* қауіпсіздігін, санитарлық тазалығын, жылыту маусымы кезінде жылу жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін *(жылу пункттері, қазандық және элеватор тораптары автономды жылытуы бар қондырғылары),* су, электр қуатының уақытылы берілуін т.б. қатаң бақылауға алсын;
- демалыс және мереке күндері ғимараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тұрақты кезекшілікті ұйымдастырсын;
- 1-санаттағы жеке күзет фирмаларымен келісімшарт жасасуды қамтамасыз етіп, қызметкерлер мен келушілер үшін ескерту құралдарын (дыбыстық және жарықтық белгілер, ақпараттық тақтайшалар) орнатуды ұйымдастырсын;
- білім беру ұйымында техника және өрт қауіпсіздігіне қарсы сақтық шараларын қабылдап, қатаң бақылауға алсын;
- білім беру ұйымы аумағында маусымдық қар үйінділерін, мұздақтарды және қоқыстарды уақытылы шығару жұмыстарын ұйымдастырсын;
- білім беру ұйымдарының ғимараты мен аумағына бөгде адамдардың кіруін және автокөлік құралдарының кіріп-шығуын бақылауға алып, тіркеу журналы бойынша қатаң есеп жүргізсін;
- терроризмге қарсы объектінің паспорты, ЖБО-ға бейнекамераларды қосу, дабыл түймесі және кіреберіс есіктердегі антипаника жүйесі

0003159

*(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес)* үздіксіз жұмыс істеуін қатаң бақылауға алсын;

- бейнебақылау жүйесіне қол жеткізуді реттеу тәртібін қамтамасыз ету мақсатында аталған іс-шараларға қатысты бұйрық әзірлеп, бекітсін;

- білім беру мекемесі аумағында және одан тыс 1 км радиуста орналасқан ашық люктерді анықтау мақсатында мониторинг ұйымдастып, осы процесті бақылау үшін жауапты тұлғаларды тиісті бұйрықпен бекітсін;

- білім беру ұйымдарындағы балалардың шатырға шығу жағдайларын болдырмау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тиісті бұйрық әзірлеп, аталған бұйрықпен жауапты адамдарды тағайындасын;

- білім беру мекемесі аумағы *(көше қоршаулары, қақпалар, жарықтандыру тіректері, көше жарығы, кірме жолдары, шағын сәулет нысандары, шөптерден тазалануы, гүлзарлар, ағаштарды ақтау, жол жиектері және т.б.)* мен ауласындағы спорт алаңының *(қоршаулары, ондағы көше жаттықтыру құрылғылары, спорттық қақпалары, баскетбол тақталары, волейбол бағаналары мен торлары, т.б.)* жай-күйін, қауіпсіз болуын *(бекітілуі)* қатаң бақылауға алсын;

- ғимарат кіреберісі, ғимарат ішіндегі баспалдақтардың жағдайы, сүйеніш жақтауларының, қоршаулардың қауіпсіз болуы, терезе блоктарының жағдайы, терезелердегі қауіпсіздік блоктары, оқу кабинеттері, спорт зал *(киім ауыстыратын бөлмелер, душ кабиналары және т.б.)*, спорттық құрал-жабдықтардың *(спорттық қақпалар, баскетбол тақталары, волейбол бағаналары мен торлары және т.б.)* жағдайы, бекітілуі және қауіпсіз болуы қатаң бақылауда болуын қамтамасыз етсін;

- ғимаратты санитарлық құралдармен *(санитариялық құралдармен, төсеніштермен, тепловизорлармен, қабылдауға арналған белгілермен, дәретхана қағазымен және басқа да жабдықтармен)* уақытылы жабдықтасын;

- объектілерде заңнамада бекітілген санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, жұмыстарды *(дератизациялау және дезинсекциялау, нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес өндірістік бақылауды ұйымдастыру, персоналдың еңбек жағдайын және жеке гигиена қағидаларын сақтауына жағдай жасау және т.б.)* жүргізсін;

- оқу процесін ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік шараларына, оның ішінде техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігіне, ғимараттағы қауіпсіздікке жауапты қызметкерді *(басшы орынбасарынан төмен емес)*, сондай-ақ, мереке және демалыс күндері білім беру ұйымдарындағы қызметкерлердің тұрақты кезекшілігін арнайы бұйрықпен бекітсін;

- жауапты тұлғалардың өрт-техникалық минимум (ӨТМ), еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және терроризмге қарсы қорғау бойынша курстардан өтуін бақылауды қамтамасыз етсін;

- жоғарыда көрсетілген барлық тармақтардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында басшы орынбасарынан төмен емес деңгейдегі жауапты қызметкерлерді тағайындап, тиісті бұйрық арқылы бекітсін.

2. Жоғарыда аталған шаралардың орындалуына және төтенше жағдайлар туындаған жағдайда ақпараттың *(Білім басқармасының басшысына, басшы*

*орынбасарларына, бекітілген кураторларға, жауапты бөлімдерге)* уақтылы ұсыну жауапкершілігі білім беру ұйымдарының басшыларына жүктелсін.

3. Білім беру ұйымдарына бекітілген кураторлар аталған шаралардың орындалуын қатаң бақылауға алсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім басқармасы басшысының орынбасарлары Н. Еламановқа, С. Адылбаевқа, М. Каирбаеваға жүктелсін.

**Басшы** **Қ. Сенғазыев**